

Ондықпен санау

Сен

- ондықпен санауды үйренесің.

Саны көп заттарды ондықпен санау ыңғайлы.
Бір ондықта он бірлік бар.
Үй салуға көмектес.
Үй салу үшін қанша ондық бөрене және шеге керек? Сана.

Тірек сөздер

ондық



Ондықпен былай сана: 10, 20, 30...

Кері ретпен былай сана: 100, 90, 80

...

Түсіп қалған сандарды ата.

Әр санда неше ондық бар?

10, ..., 30, ..., 50, ..., 70, ..., 90, 100.

Шығарып көр

Әкем екі ондық

шеге сатып

алды. Ол

барлығы неше

шеге сатып

алды?



Сен білесің бе?

10, 20, 30, 40, 50,

60, 70, 80, 90, 100

сандарын дөңгелек

сандар деп атайды.




Сен қалай ойлайсың?

Неліктен?

Дөңгелек сандарды ата.

15, 20, 17, 80, 12, 50, 10, 16, 0, 5.

Кім дұрыс санады?




40



Орындап көр

Ойыншықтарды ондықпен тура және кері ретпен сана.



Ойлан

Мынау – 10 теңгелік тиын. Сенде 100 теңге болу үшін осындай тиынның нешеуін алуың керек?




89-жұмыс парағы. Ондықпен санау


Жұмыртқаларды қалыбына сал.

Қалыптарға жұмыртқалардың суретін сал.

Әр қалыпта неше ондық жұмыртқа бар?





онд.



онд.

Кинотеатрдағы орын саны неше ондық болады?

Сана және жауабын жаз.




_____ ондық орын.



Керіктің бойы

Суретке қара. Түсіп қалған сандарды өз орнына жаз.

Сонда керіктің бойының биіктігін білетін боласың.



Рефлексия



**Сабақ
ҚЫЗЫҚТЫ ӨТТІ,
барлығын
түсіндім!**



**Сабақ
көңілсіз өтті,
шаршадым!**



**Сабақта
еш нәрсе түсінбедім,
қоңырауды
асыға күттім!**